

### Бөбекжай бақшасында қос тілді меңгерген бүлдіршіндер болшағы

*«Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін – жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуы керек».*

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең қажеттілік.

Үш тілде оқыту – заман талабы. Негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі білім беру мәселеіне бүгінгі таңда жан-жақты көңіл бөлінуде, осыған орай алға қойған міндеттерді орындауда жалпы балабақша ұжымы балаларға жан-жақты тәрбие беріп, салауатты өмір салтына, заман талабына сай, денсаулығы мықты, парасатты да инабатты ұрпақ тәрбиелеуде талмай еңбек етіп келеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға білім берудің жаңа стандартын басшылыққа ала отырып «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына байланысты мектепке дейінгі мекемелерде балалардың жас ерекшеліктеріне қарай оқу іс-әрекетін шығармашылық ізденіс негізінде жүзеге асырамыз.

Бала кішкентай болса, тез сөйлеп екінші тілдерді игере алуға мүмкіншілігі болады. Бөбекжай бақшасында қос тілді игеріп жатырмыз, яғни «Билингвизм» термині деп аталады.

Бүлдіршіндерге балабақшада қос тілде сөйлеуді:

- ойын арқылы игеруге;
- ата-аналар арқылы игеруге;
- дидактикалық материал арқылы игеруге;

Міндеттері:

1. Балаларды мемлекеттік тілде сөйлесуді қабылдауға және түсінуге үйрету
2. Сөздерді бәсең сөздіктен белсенді сөздікке аудару. Сөйлесуден өзіне таныс сөздерді түсініп, бөліп алуға үйрету.
3. Сөз құрлыстарын пайдалануға үйрету, қарапайым тапсырмалар мен ережелерді орындауды үйрету.
4. Сұрақтарды түсінуге үйрету: «Мынау не?», «Қандай?», «Неше?»
5. Тілдің өзіндік дыбыстарының айтылуы ерекшеліктерін білу.

Қос тілді үйрету ісінде ТРИЗ элементтерін пайдаланудың маңызы зор. ТРИЗ – теория решения изобретательских задач – ойлап табу теориясының міндеттері. ТРИЗ әдістемесі бойынша сызбалар арқылы балалар үйренген жеке сөздерден сөйлем, сөйлемнен әңгіме құрастыра алады. Бұл әдістемесі бойынша баланың сөздік қоры сан жағынан ғана емес, сапалық жағынан молайып, сөйлеу тілі дамиды.

Балалардың тіл байлығын дамыту үшін сабақтан тыс «Тіл ашар», «I speak English» немесе «Я полиглот» деген үйірмелер жұмыс істейді. Үйірменің арнайы жоспары бар.

Жоспар бойынша мерекелік шараларға өлеңдер, мақал-мәтелдер, әндер жаттаймыз, ертегілер, шығын көрністер сағаналаймыз.

Әр түрлі ұйымдастыру іс-әрекеттер арасында балалардың аса қызығушылығын тудыратын – ойын және ойын түрінде берілген түрлі ситуациялар. Олай дейтініміз, ойын баланың сөйлеу қабілетін табиғи нормаларға сай дұрыс дамуына бірден-бір себепкер. Демек, ойын арасында бұлдіршінның сөйлеуі, бір-бірімен араласуы жақсы және жедел түрде дамиды. Ойын – эмоция мен ақылды көп қажет ететін әрекет. Ойын барысында балалар қандай да бір шешім қабылдауға үйренеді. Бұл жерде балдырғандар қайтсем, жеңем? Не қылсам? Не айтсам? – деген сұрақтардың алдында тұрып, оларға дұрыс жауап беруге тырысады. Балаларда жеңіске деген қызығушылықты көре аласыз. Ойында барлық балалар тең. Сөйлеу қабілеті нашар дамып келе жатқан балдырғанның өзі де ойын барысында бірінші болуы әбден ықтимал: бұл жерде тез ойлай білу немесе табан астында тапқырлық таныту ең бастысы. Бар баланың бір деңгейде болуы, қуаныш, ойынға деген қызығушылық балалардың бойындағы ұялшақтықты жояды. Бірден бір тіл байлығының дамуына да үлкен себепші. Ойын барысында білінбей сабаққа қатысты материалдар өтіліп жатады және оны балалар бірден тез қабылдап алады. Бұл жерде балалардың өз-өздеріне деген қанағаттану сезімі, яғни «мен де өзгелермен бірдей деңгейде сөйлей алады екенмін» деген бір мақтаныш сезімі, өз-өзімдеген сенушілік пайда болады.

Алайда, егер қос тілі тек үйде және еш жерде болмаса, баланың тілден бас тартуы ықтимал. «Неге мен ешкім айтпайтын тілде сөйлеуім керек?» Балалар өте үнемді жұмыс істейді. Үш тілдегі балабақшаларда үш тіл тең дәрежеде көтеріледі.

Ата-аналармен біріге отыра, балалардың тілге деген қызығушылығын арттырумен қатар есте сақтау қабілеттерін, ой-өрісін дамытуды. Орыс тілінде, ағылшын тілінде көптеген қызықты бұлдіршіндердің тапсырмаларын ата-анаға көрсете қызықтыру керек.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. «Бұлдіршіндер болашағы» «Айқын» газеті Ләззат Қожахметова.
2. Балабақша журналдары 2018-2019 жыл.
3. Метербаева, К.М. Мектеп жасына дейінгі балаларды байланыстырып сөйлеуге қалыптастыру әдістемесі (5-7 жас) [Мәтін]: Оқу құралы / К.М. Метербаева.- Алматы: Қыздар университеті, 2014.- 95б.
4. «Үштілдік-заман талабы» журналдар.
5. Бұлақбаева, М.К. Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: Оқу құралы / М.К. Бұлақбаева.- Алматы: Қыздар университеті, 2014